

"Оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимі туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 5 сәуірдегі N 416 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 мамырда тіркелді. Тіркеу нөмірі 1493. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" K010209_ Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Z010210_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

64. "Оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған - режимі туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 5 сәуірдегі N 416 V011493_ бұйрығы.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235_ Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заңына сәйкес бұйырымын :

1. "Оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолдану туралы" берілген Нұсқаулық бекітілсін. 2. Өндірістік емес төлемдер департаментіне (Ю. Тілеумұратов): 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісімге келтірсін; 2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін. 3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Өндірістік емес төлемдер департаментіне жүктелсін (Ю. Тілеумұратов). 4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді. Келісілді Бекітілді Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Қаржы министрі Мемлекеттік кіріс министрлігінің 9 сәуір 2001 жыл 2001 жылғы 5 сәуірдегі N 416 бұйрығымен Оңайлатылған декларация

негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолдану туралы Нұсқаулық

Осы Нұсқаулық 1995 жылғы 24 сәуірдегі Z952235_ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленді (бұдан әрі - Заң).

1. Заңның 138-4-бабындағы 3-5-тармақтарда жазылған шарттарға жауап беретін және бюджетпен есептесуді оңайлатылған декларация негізінде жүзеге асыруға ниет білдірген салық төлеушілер тоқсан басталғанға дейін тіркелген орны бойынша аумақтық салық органына осы Нұсқаулықтың 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

2. Бюджетпен есептесуді оңайлатылған декларация негізінде жүзеге асыратын салық төлеушілер есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 10-на дейін есепке қойылған орны бойынша аумақтық салық органына осы Нұсқаулықтың 2 қосымшасына сәйкес нысан бойынша оңайлатылған декларация береді.

3. Заңның 138-4-бабында белгіленген шарттарға сәйкес келмейтін жағдайларда, салық төлеуші есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 10-нан кешіктірмей есепке қойылған орны бойынша аумақтық салық органына осы Нұсқаулықтың 3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолдануды тоқтату туралы өтініш береді және есеп беру тоқсанынан кейінгі тоқсаннан бастап салықтарды есептеу мен төлеудің жалпы белгіленген тәртібіне көшеді.

Бұл ретте, оңайлатылған декларация бойынша бюджетке төленуге тиісті салықтардың сомасын салық төлеуші мынадай тәртіппен есептейді:

1) Салық төлеуші қызметкерлерінің орта тізімдік санын артуы фактілері анықталған жағдайда Заңның 138-4-бабында белгіленген санын артуы бойынша салық сомаларын түзету жүргізілмейді.

Мысал: кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырушы жеке тұлғаның тоқсандағы кірісі 1 300 000 теңге құрады, қызметкерлердің орта тізімдік саны кәсіпкердің өзін қоса алғанда 17 адам. Салық сомасы 52 000 теңге (1 300 000 теңге x 4 %). Азайтылуға 11 700 теңге (52 000 теңге x (17 адам - 2 адам) x 1,5) жатады. 40 300 теңге (52 000 теңге - 11 700 теңге) төленуі керек.

2) Салық төлеуші Заңның 138-4-бабында белгіленген есеп беру кезеңінің қорытындысы бойынша кіріс сомаларын артқан жағдайда, салық сомалары кірістің шекті сомасы үшін көзделген ставкалары бойынша есептеледі. Бұл ретте, кірістің артылған сомасын орта тізімдік санына қарай салық сомасына азайту жүргізілмейді.

Мысал: заңды тұлғаның тоқсандағы кірісі 9 300 000 теңге құрады, қызметкерлерінің орта тізімдік саны 20 адам.

Заңның 138-4-бабы 10-тармағының ставкалары бойынша есептелген салық сомасы 899 000 теңге = (9 300 000 теңге - 6 500 000 теңге) * 13 % + 535 000 теңге;

Шекті кірістегі салық сомасы 860 000 теңге = (9 000 000 теңге - 6 500 000 теңге) x 13 % + 535 000 теңге;

Түзетілуге жататын салық сомасы 39 000 = 899 000 теңге - 860 000 теңге;

Қызметкерлерінің орта тізімдік санына қарай азайтылуға жататын салық сомасы 258 000 теңге = 860 000 теңге x 20 x 1,5 %;

Бюджетке төленуге жататын жалпы салық сомасы 641 000 теңге = 860 000 теңге - 258 000 теңге + 39 000 теңге.

4. Салықтарды төлеу мен есептеудің жалпы белгіленген тәртібінен оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режиміне көшкен кезде, төлем көзінен ұсталатын табыс салығынан басқа табыс және әлеуметтік салықтарды төлеу және олар бойынша салық салудың кезеңі үшін жалпы белгіленген тәртібін қолдануды салық төлеуші жалпы белгіленген тәртіпте жүргізеді.

5. Салық салудың жалпы белгіленген тәртібіне көшкен кезде оңайлатылған декларацияда көрсетілген кірістер және осы кіріс көлемін алу кезінде шеккен шығындар жылдық жиынтық кіріс туралы Декларацияда және есеп беру кезеңі үшін жүргізілген шегерімдерде ескерілмейді.

Қ Р М К М 2 0 0 1 ж ы л ғ ы

5 сәуірдегі N 416 бұйрығымен бекітілген Нұсқаулыққа 1 қосымша

(облысы, ауданы, қаласы) _____

Ө т і н і ш

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Заңының 138-4-бабы 1-тармағына сәйкес _____

_____ (салық төлеушінің атауы, СТН-ы) оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режиміне 200__ жылдың "____" _____ бастап көшетіні туралы хабарлайды. Кәсіпкерлік қызметтің түрлері: 1) _____

_____ 2) _____

_____ 3) _____

_____ 4) _____

_____ 5) _____

_____ 6) _____

_____ 7) _____

_____ Банктік шоттары туралы мәліметтер: _____

_____ шоты _____ (банк мекемесінің атауы)

_____ шоты _____

(банк мекемесінің атауы) _____

шоты _____ (банк мекемесінің атауы) Қазақстан

Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Z952235_ Заңының 138-4-бабында белгіленген шарттарға сәйкес емес немесе салық салудың жалпы белгіленген тәртібіне көшу туралы есеп беруден кейінгі айдың 10 күнінен кешіктірмей салық органына хабарлауға міндеттеніп жоғарыда аталған режимді қолданудан бас тартамын.

Басшы/жеке кәсіпкер: Салық комитетіне тіркелгені туралы белгі: (керек емесін сызып таста) _____ " ____ " _____ 2000 жыл (

аты-жөні, қолы) _____ (лауазымды тұлғаның

аты-жөні, қолы) Бас бухгалтер: _____ (аты-жөні, қолы)

Күні " ____ " _____ 20__ жыл. М.О. Осы өтініште берілген мәліметтердің растығы және толықтығы үшін мен Заң алдында жауаптымын.

Қ Р М К М 2 0 0 1 ж ы л ғ ы

5 сәуірдегі N 416 бұйрығымен бекітілген Нұсқаулыққа 2 қосымша

_____ (салық төлеушінің атауы) (облысы, ауданы, қаласы) бойынша Салық комитеті СТН Банк _____ банк шоты _____ Беру мерзімі: есеп беруден кейінгі айдың 10-нан кешіктірмей, тоқсан сайын 200__ жылдың _____

_____ тоқсаны үшін Оңайлатылған декларация -----

----- N ! Көрсеткіштердің атауы ! Сомасы р/н! ! (теңге) -----

----- 1 Есеп беру кезеңіндегі кіріс,

мың теңге 2* Қызметкерлерінің орта тізімдік саны - барлығы, адам 2.1 соның

ішінде: "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"

заңның 138-4 бабының 3-тармағымен белгіленгеннен артатын саны 3 Есептелген

салық сомасы, мың теңге 3.1 соның ішінде: кірістің шекті сомасынан асатын

кірістен түсетін салық сомасы 4 Салық сомасын қызметкерлердің орта тізімдік

санына қарай азайту (3 жол - 3.1 жол) x 2 жол - 2.1 жол x 0,015 5 Бюджетке

төленуге тиісті салық сомасы (3 жол - 4 жол), барлығы соның ішінде: 5.1 - табыс

салығы (5 жол x 50 %) 5.2 - әлеуметтік салық (5 жол x 50 %) 6 Нақты төленген

салық сомасы, барлығы соның ішінде: 6.1 - табыс салығы 6.2 - әлеуметтік салық

7 Қосымша төленуге тиісті салық сомасы, барлығы соның ішінде: 7.1 - табыс

салығы 7.2 - әлеуметтік салық -----

----- Анықтамалығы: Есеп беру кезеңінде қызметкерлердің тізімдік саны: 1

айда _____ адам, II айда _____ адам, III айда _____ адам құрады. *

қызметкерлердің орта тізімдік санын айқындау кезінде бөлшектік мән

ескерілмейді. Осы Декларацияда берілген мәліметтердің Салық органының белгілері: растығы және толықтығы үшін мен Заң алдында жауаптымын. Басшы/жеке кәсіпкер Салық инспекторы: (керек емесін сызып таста): _____

_____ (аты-жөні, қолы) (қолы) (аты-жөні)

Бөлім бастығы: Бас бухгалтер: _____

_____ (қолы) (аты-жөні) (аты-жөні, қолы) Есепке алу жөніндегі

инспектор: _____ (қолы) (аты-жөні) Күні "___" _____

___ 2 0 0 ___ ж ы л . М . О .

Қ Р М К М 2 0 0 1 ж ы л ғ ы

5 сәуірдегі N 416 бұйрығымен бекітілген Нұсқаулыққа 3 қосымша

(облысы, ауданы, қаласы) бойынша Салық комитеті

Оңайлатылған декларация негізінде салық салудың
оңайлатылған режимін қолданудан бас тарту туралы
Ө Т І Н І Ш

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Z952235_ Заңына сәйкес _

___ (салық төлеушінің атауы, СТН-ы) 1) тоқсандағы кіріс мөлшерін артуына (заңды тұлғалар үшін - 9,0 млн. теңге, жеке кәсіпкерлер үшін - 4,5 млн. теңге) 2) қызметкерлерінің орта тізімдік санын артуына (заңды тұлғалар үшін - 25 адам, жеке кәсіпкерлер үшін - 15 адам) 3) жүзеге асыратын қызметтерінің санын артуына (заңды тұлғалар үшін - 7 түрі, жеке кәсіпкерлер үшін - 5 түрі) 4) қызметін тоқтатуға 5) өзге де себептері (қандай екенін көрсет) _____

_____ байланысты, 200___ жылдың "___" _____ бастап
оңайлатылған декларация негізінде салық салудың оңайлатылған режимін
қолдануды тоқтатады. Басшы/жеке кәсіпкер _____

_____ (аты-жөні, қолы) Бас бухгалтер _____

_____ (аты-жөні, қолы) Күні "___" _____

_____ 200___ жыл. М.О. Тіркелгені туралы белгілер: "___" _____

200___ жыл. _____ (лауазымды тұлғаның аты-жөні,

қолы) Мамандар: Икебаева Ә.Ж. Шарипова М.Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК